

Қош келдің -Әз Наурыз «Ұлттық ойындар көрінісі»

Мақсаты: Наурыз туралы түсінік беру арқылы қазақ халқының салт-дәстүрін көрсету және оны құрметтей білуге тәрбиелеу. Балаларды ұлттық ойын арқылы татулыққа, адамгершілікке баулу. Бір - біріне деген сыйластығын, достық қарым қатынасын нығайту. Ұлттық ойын арқылы салт - дәстүрлерді сақтай білуге тәрбиелеу. Бір - біріне деген шынайы достықты сезіне білу дағдысын дамыту.

Жүргізуші: Армысыздар балалар! Бәріміздің асыға күткен «Ұлыстың – ұлы күні!» наурыз мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз. «Алтын сақа» аулының, «Қош келдің – Әз Наурыз! «Ұлттық ойындар көрінісі» атты мерекесін тамашалаңыздар. Наурыз қазақтың ұлттық мейрамы. Наурыздың 22-де күн мен түннің теңеліп, жер жаңарып, көк шығып, төрт түлік мал түлеп, көктем келіп, тіршіліктің бастауы, яғни қазақтың жаңа жылы – Наурыз мерекесі.

Ал, халайық, тұрмайық,
Әндетейік, жырлайық!
Ортамызды ашайық,
Ырыс тілеп бұл жылға
Жырдан шашу шашайық!

Тақпақтар:

Ән: «Наурыз»

Көрініс:

Көкпарға бара жатқан Оралбай қарияға Сәрсенбай қария кездесіп қалады. Екеуінің әңгімесі:

Сәрсенбай қария: -Оу,байеке, қайда шықтыңыз?

Оралбай қария: Амансың ба ? Наурыз мерекесі құтты болсын! Мына ауылда осы мерекеге орай көкпар болып жатыр екен. Көкпарға бара жатырмын.

Сәрсенбай қария: -Шіркін, көкпарға біздің ауылдың балаларын алып барса ғой, бәрін жеңіп шығар еді.

Оралбай қария: -Байеке, сен одан да былай жаса. Балаларды біздің ауылға алып кел. Қай ауылдың балалары мықты екенін көрейік.

Сәрсенбай қария: -Әрине, менің ауылымның балалары мықты.

Оралбай қария: -Ай, қайдам ау, біздің ауылдың балалары жеңеді.

Сәрсенбай қария: -Қәне, онда бәстесейік.

Оралбай қария: -Бәстесек бәстесейік.

Сәрсенбай қария: -Жеңілген адам не тігеді?

Оралбай қария: -Жеңілген адам бір түйе тігеді.

Сәрсенбай қария: -Ал, ендеше кеттік, балаларды ортаға шақырайық.

Қаражорға әуенімен балалар ортаға кіреді.

Жүргізуші:

-«Ура» деген ұранды біз тастаймыз
Жарысымызды ал енді бастаймыз
«Жеңіске жетеміз!» деп
Жалынды ұран тастаймыз.

Сайыс 5 бөлімнен тұрады.

1. «Қол күрес»

Ойын шарты: Ортаға екі ойыншы шығып, кілемнің үстіне жамбасынан жатады. Олар бас бармақтарын айқастыра қолдарын жымдастырып ұстайды. Ойынның шарты қолының күші көп ойыншы қарсыластың қолын жерге тигізуі керек.

2. «Теңге алу»

Ойын шарты: Бұл ойынды ер балалар ойнайды. Аттың орнына шыбық ат пайдаланады. Белгілі бір жерге теңгені ыдысқа салып қояды. Ойыншылар атпен шауып келіп еңкейіп теңгені ыдыстан тез алып шаба жөнеледі. Егер ойыншы теңгені алмай қалса жеңілген боп есептеледі.

3. «Арқан тартыс»

Ойын шарты: Бұл екі топқа бөлінген балалармен ойналатын ойын бір түрі. Арқанның екі жағынан екі топқа бөлінген балалар тартысады. Қай топ өз жағына алып, келсе сол топ жеңіске жетеді.

4. «Жаяу тартыс»

Ойын шарты: Ойын шарты бойынша екі қатысушы бір-біріне арқаларын беріп төрт тағандап тұрады. Кім белдеріндегі арқанмен қарсыласын өзіне қарай тартып алса, сол жеңімпаз атанады. Жеңіске жеткен бала өзгелермен күш сынасады.

5. «Тақия тастамақ»

Ойын шарты: Топ ішінен бір қыз шығып, ұл баланың басына тақия кигізеді.

Тақияны иеленген бала қызды қуып жетуі тиіс. Қыз жеткізбей кетсе баланы аздап төмпештеп алады. Ал жүйрік ұлдар әдемі қызбен билеу мүмкіндігіне ие болады.

6. «Асық санамақ»

Ойын шарты: Ортаға екі бала шығады. Бірнеше асықты ортаға шашып тастаймыз. Кім көп асық жинаса, жеңіс те соған бұйырады.

7. «Қыз қуу»

Ойын шарты: Балалар арасынан бір ер бала, бір қыз шығады. Ер бала қызды (ағаш атпен) қуады. Бала қызға жетіп қолынан ұстаса ол жеңіске жеткені.

Оралбай қария: -Ал, байеке, жеңісті өзіңізге бердім. Бәске тіккен түйемді алып келейін.

Оралбай қария түйені Сәрсенбай қарияға әкеліп береді.

Сәрсенбай қария: -Ой мынауың не? Мен шынымен түйеге мініп қайтамын деп едім, мынауың шын түйе болмай шықты ғой. -Жарайды енді, не болса да жеңіс бізде ғой,-деп балаларын алып ауылына қайтады.

Ал, Оралбай қария жеңісті Сәрсенбай қарияға беріп, шығарып салады.

Тәрбиеші: Құрметті қонақтар, балалар, біздің алға қойған мақсатымыз ата – бабадан қалған өнер мен өнеге, үлгілерінің лайықтыларын баланың сана-сезіміне құйып, көзіне көрсете отырып, ұлттық ойын арқылы бойына сіңіріп, оларды әдептілікке, мейірімділікке, ізеттілікке, туысқандық пен бауырмалдыққа, үлкенге – құрмет, кішіге – қамқорлыққа баулып адамдық қажеттерді ұғындыру, қалыптастыру. Наурыз туралы түсінік беру арқылы қазақ халқының салт-дәстүрін көрсету және оны құрметтей білуге тәрбиелеу

Бір ғажабы ойындар балалардың жан сұлулығында, тән сұлулығында жан- жақты жетілдіруге бағытталған. Бүгінгі мектепалды даярлық «Алтын сақа» тобының және дене шынықтыру мамандарының ұйымдастырылған « Қош келдің -Әз Наурыз «Ұлттық ойындар көрінісі» атты сайысымызды аяқтайық. Көріп тамашалағандарыңызға рахмет!



**«Қош келдің -Әз Наурыз
«Ұлттық ойындар көрінісі»
(Алтын сақа МАД тобының 22 Наурызға дайындаған
мерекелік сценарийі)**

2024ж